| | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ | Пр 017-11.06-2025<br>30.04.2025 ж. |
|---|---|---|
| | Бағдарлама<br>Нормативтік құжат түрі | Стр. 1-14 |

**«Бекітемін»**
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
қабылдау комиссиясың төрағасы
_____________ А.Жудебаев
(2025 жылғы «30» «04» № 10
Ғылыми кеңес хаттамасы)

# 6В02103 «РЕЖИССУРА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

**Алматы, 2025ж.**

Құрастырушылар:

Бакеева М. Қ. - «Кино және ТВ» факультетінің деканы, PhD докторы;
Попов В. И. - «Экрандық өнер режиссурасы» кафедра меңгерушісі;
Әлжанов Р.А. – «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының оқытушысы.

«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды
2025 жылғы «10» ___04___ № 9 хаттама

«Экрандық өнер режиссурасы»
кафедрасының меңгерушісі________________ Попов В. И.

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі мақұлдады
2025 жылғы «17» ___04___ № 5 хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі
Академиялық кеңес төрайымы______________ Лаврик Н.А.

**Келісілді:**
**«Кино және ТВ» факультетінің деканы______________ Бакеева М. К.**

## РЕЖИССУРА

### 1. Мақсаты мен міндеттері

**Қабылдау емтихандарының мақсаты** – «Режиссура» ББ-ға үміткерлердің шығармашылық және кәсіби дайындығын анықтау болып табылады.Қабылдау емтихандары - талапкердің жалпы және интеллектуалдық білім деңгейін, шығармашылық ой-қиялын,монтаждық бейнелі ойлау қабілетін, материалды түсінікті етіп бере білуін және оның шығармашылық әлеуетін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

**Қабылдау емтихандарының міндеттері:**

- кинематография, әдебиет, бейнелеу өнері саласындағы жан-жақты білімді бағалау;
-туындыны авторлық тұрғыдан баяндаудың түрі мен тәсілінің өзіндік ерекшелігін бағалау;
- сөздік қоры мен шығармашылық ой-қиял байлығын бағалау;
- бейнелі және қисындық ойлау қабілетінің болуын анықтау;
- өзіне тән ойлау ерекшелігі;
- жалпы мәдени деңгейінің көрінісі;
- ағылшын тілін білу.

### 2. Шығармашылық емтихандар:

**1. Жазбаша жұмыс (Эссе). 4 сағат.**

*Талаптар:*

Талапкерлерге Қазақстанның қазіргі өмірінің өзекті мәселелері, кино және телевизия проблемаларын қамтитын 3 міндетті тақырыпты таңдау ұсынылады.Талапкер ұсынылған тақырыпты мейлінше толық ашуы керек. Шығармашылық қиял және бейнелі ойлау, сюжетті құра білу қабілеті, тақырыпқа деген көзқарастың жаңашылдығы бағаланады. Жұмыс көлемі - 5 бет.

**2. Коллоквиум. (Ауызша емтихан (*билеттер бойынша*).**

*Талаптар*

Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, аудиовизуалды саладағы білімі (кино, телевизия, радиохабар тарату, музыка, театр, бейнелеу өнері) анықталады.Талапкер әдебиет (әлемдік және қазақ), бейнелеу өнері, музыка, кино және телевизия тарихын жақсы білуі қажет. Көркем шығарманы бағалап, сипаттай алу, оның күшті және әлсіз жақтарын, стилі мен бағытын анықтай білу. Талапкер өзінің шығармашылық ой-идеясын жеткізе білу, сонымен қатар, алдын ала өткізілген байқауға ұсынылған және шығармашылық

емтихан кезінде жазылған жұмыстарының орындалу қисынын дәлелдеп, түсіндіре білуі қажет.

## Қабылдау емтиханына арналған сұрақтар тізімі

## «РЕЖИССУРА»

1. Ұлттық фильм ұғымның мәнін ашып көрсетіңіз.
2. Қазақ киносы үшін тарихи жады не себепті маңызды?
3. «Қыз Жібек» фильміне анализ.
4. Қазақстандық фильм киноөндірісіндегі заманауи технологиялар.
5. Қазақстандық кинофестивальдер.
6. «Қазақфильм» киностудиясының тарихы мен функциялары.
7. Кинорежиссер мен театр режиссерінің жұмысы: ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
8. Қазақстан киносын мемлекеттік қолдау.
9. Қазақ киносының жаңа толқыны.
10. Б. Қалымбетовтың «Мұқағали» фильмі.
11. Қазақ экрандық өнеріндегі Екінші дүниежүзілік соғыс батырлары.
12. Кеңестік периодпен салыстырғанда заманауи қазақ киносындағы қазақ батырының бейнесі қалай өзгерді?
13. Ұлттық бірегейлік қазақстандық фильмдердің сюжеті мен визуалды стилінде қалай білінеді?
14. Режиссер Ш. Аймановтың фильмдері.
15. Қазақстанға ұлттарды депортациялау тақырыбындағы фильмдер мен қойылымдар.
16. Телеөнердің жанрлары мен форматтары.
17. Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы Қазақстандағы киноөндіріс.
18. Ардақ Әмірқұлов «Отырардың күйреуі». Фильмнің анализы.
19. Қазақстанда қандай кинофестивальдер өткізіледі және олардың тараптарынан жергілікті кинематографистерге қандай қолдау көрсетіледі?
20. «Амангелді» - қазақ киноөнеріндегі алғашқы экрандық туынды.
21. Халықаралық қолдау алған Эмир Байғазиннің дебюттік фильмі қалай аталады?
22. Әмір Қарақұлов. Өнеріне анализ. «Разлучница», «Виртуальная любовь» және т.б.
23. «Менің атым - Қожа» фильміне анализ.
24. Заманауи қазақ кинорежиссерлері: А. Сатаев, Р. Абдрашев, Е. Турсунов.
25. Адильхан Ержановтың өнері.
26. Қазақстанның төмен бюджетті фильмдері мен блокбастерлері.
27. Оператор мамандығының киноөнердегі рөлі.
28. Ә. Қайдаровтың мультфильмдеріндегі балалар бейнесі.
29. Рашид Нугмановтың «Игла» фильміне анализ.
30. Қазақстандық аниматорлардың заманауи туындылары.
31. Дамир Манабайдың шығармашылығы.
32. Қазақстандық документалдық фильмдер.

33. Кинодағы ұлттық код ұғымын ашып көрсетіңіз, мысал келтіріңіз.
34. XXI ғасырдағы қазақ авторлық киноларында қай тақырыптар жиі көрсетіледі?
35. Қазақ киносындағы әлемдік әдебиет классикалары.
36. Қазақ киноөнерін дамытудағы Шәке Аймановтың рөлі.
37. Ұлттық тарихтың қазақ киносындағы кейіпі.
38. Киноөндірістегі басты мамандар.
39. Адильхан Ержановтың шығармашылық тәсілдемесі немен ерекшеленеді?
40. Қазақстанның киноиндустриясының дамуына жеке студиялардың маңыздылығы қаншалықты?
41. Оқиғадағы протагонистің басты функциялары. «Көрермен аватары» ұғымы.
42. Темірбек Жүргеновтің ағартушылық қызметі.
43. Абай Қарпықов. «Ғашық балық»және «Фара». Фильмдерді талдау.
44. Қазіргі қазақстандық кинотану.
45. YouTube платформасында танымалдылыққа қай қазақстандық сериалдар ие болды?
46. Қазіргі киноөнерде қолданылатын терминдер.
47. Қай қазақстандық фильмдер шынайы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға негізделген?
48. 1990-жылдардан қазіргі күнге дейін қазақстандық кинода жанрлар қалай өзгерді?
49. Қазақ киносының келешегі үшін қай жанрлардың болашағы зор?
50. Әміре Байғазин және оның шығармашылығы
51. Дарежан Өмірбаевтың шығармашылығы.
52. Қысқаметражды фильм режиссурасы толықметражды фильм режиссурасынан несімен ерекшеленеді?
53. «Біртүрлі түс» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
54. «Досыммен кезігуге келдім» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
55. «Қазақстан ұлтының достастығы» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
56. «Патриотизм» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
57. «Сыйлық» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
58. «Әскери комиссариаттың шақыру қағазы» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
59. «Сатқындық» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
60. «Қарт ұстазбен кездесу» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
61. «Кезектегі жанжал» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
62. «Емтиханнан өтпей қалдым» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
63. «Өкіну» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
64. «Мен мысықты құтқарып алдым» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
65. «Топ ішіндегі жалғыздық» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
66. «Жақын жанмен қоштасу» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
67. «Көшу» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
68. «Досыммен болған ұрыс» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
69. «Кішкентай бақыт» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
70. «Жаңа қалада» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
71. «Менің досым» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
72. «Анаммен жолығу» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.

73. «Менің алғашқы марапатым» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
74. «Аңшылық» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
75. «Отбасы» тақырыбында кадрлық монтаждық көріністер құру.
76. Актерлік этюд: «Менің тұңғыш ұстазым».
77. Актерлік этюд: «Жаңа сыныпқа көшкенімде...».
78. Актерлік этюд: «Жасырынбақ».
79. Актерлік этюд: «Судан қорқамын».
80. Актерлік этюд: «Алғаш рет билеп тұрмын».
81. Актерлік этюд: «Демалыстың соңғы күні».
82. Актерлік этюд: «Базарда».
83. Актерлік этюд: «Жеке хабарлама».
84. Актерлік этюд: «Көмегімді сұрап жатыр».
85. Актерлік этюд: «Қиындыққа түскен досыма көмек».
86. Актерлік этюд: «Туған күніме ешкім келмеді».
87. Актерлік этюд: «Кенеттен біреуге сезімімді білдіру».
88. Актерлік этюд: «Көпмей-білмей кездесу».
89. Актерлік этюд: «Қабылданбас кешірім».
90. Актерлік этюд: «Ас үйдегі ұрыс».
91. Актерлік этюд: «Кенеттен жауған жаңбыр».
92. Актерлік этюд: «Ең керемет сыйлық».
93. Актерлік этюд: «Метроға алғаш отыру».
94. Актерлік этюд: «Фобия».
95. Актерлік этюд: «Вокзалдағы қоштасу».
96. Актерлік этюд: «Жарықты өшіріп тастады».
97. Актерлік этюд: «Автобустағы қысылыс».
98. Актерлік этюд: «Таксистпен болған конфликт».
99. Актерлік этюд: «Өрт».
100. Актерлік этюд: «Интернетті өшіріп тастағанда».
101. Телевидение режиссурасы деген не? Театралдық режиссура мен кинорежиссурадан өзгешелігі неде?
102. Телевизиондық өндірістің басты этаптарың анықтаңыз.
103. Тікелей эфир мен жазылған бағдарламаның айырмашылықтары қандай?
104. «Монтаждық жоспар» не екенін және не үшін керек екенін түсіндіріңіз.
105. Раскадровка деген не? Ол режиссерге не себепті керек?
106. Телевизиялық режиссердің түсірілім алаңындағы функцияларын атаңыз.
107. Телевизиялық қойылымдағы сценарий қандай рөл атқарады?
108. Режиссерлік сценарий деген не және әдеби сценарийден несімен ерекшеленеді?
109. Телевизиялық режиссурадағы «темпоритм» деген ұғымды түсіндіріңіз.
110. Әлемдегі және Қазақстандағы телевиденияның дамуындағы басты этаптарды атаңыз.
111. Кинематографтың телевизия режиссурасына әсерінің минустары мен плюстары.
112. Атаулы телевизия режиссерлары мен олардың қосқан үлестерін атаңыз.
113. 20-ғасырдың телевизиясындағы көркемдік құралдарының заманауи көркемдік құралдарынан айырмашылықтары қандай?
114. Интернет пен стриминг дәстүрлі телевизияға қандай әсерін тигізді?

115. Телевизиялық камералардың басты типтерін атаңыз.
116. Көпкамералы түсірілім деген не екенін түсіндіріңіз.
117. Тікелей эфирге дайындықтың этаптарын атаңыз.
118. Режиссердің басқару пультіне не кіреді?
119. Студияға түсірілім мен сырттағы түсірілімнің бір-бірінен айырмашылықтары.
120. Кешкі жаңалық шығарылымы үшін қаладаңы мейрам жайлы репортажды қалай түсірер едіңіз?
121. Түпнұсқа ток-шоу концепциясын ойлап табыңыз.
122. Экология жайлы бағдарламаның визуалды стилін сипаттаңыз.
123. Қандай телебағдарламалардан шабыт аласыз және неге?
124. Заманауи телевизияда өзгерткіңіз келетін затты сипаттаңыз.
125. Қандай бағдарламаны бастағыңыз келеді? Неліктен?
126. Болашақта телевизияны қалай елестетініңізді сипаттаңыз.
127. Телевизия режиссурасындағы басты қиындықтар деп нені есептейсіз?
128. Тележобаға кім сараптама жасайды?
129. Телевизиялық эфир құрылымын қалай түсіндіруге болады?
130. Телевизиялық жобаларды жүзеге асыруды кім бақылап отырады?
131. Сериал түсіру үдерісін шығармашылылық тұрғыдан ұйымдастыру – режиссер өнері.
132. YouTube платформасында танымалдылыққа қай қазақстандық сериалдар ие болды?
133. Телесериалдарды түсірудің негізгі қағидаттары.
134. Телевизиялық бағдарламаның форматы, бағдарлама дизайнының сапасы.
135. «Музыкалық құқық иелері» анықтамасының ұғымы.
136. Телесериалдар өндірісінің тиімділігі.
137. Ұлттық фильм ұғымның мәнін ашып көрсетіңіз.
138. ТПО құрылымы: фильмдер өндірісі.
139. Түсірілім тобының сандық құрамы қандай талаптар негізінде жасақталады?
140. Сериалдарға көрермендер көзқарасы қалай анықталады?
141. Бағдарлама форматы, сипаттама (спецификация) саны, жобаға танымал тұлғалардың қатысуы.
142. Телеөнімнің сапалық көрсеткіші қандай белгілерден байқалады?
143. Сериал түсіру үдерісін шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру.
144. PR компанияның жарнамадан айырмашылығы неде?
145. Режиссер және оның шығармашылық командамен қарым-қатынасы.

## 2. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі


1. Ангелов А. - Практическая режиссура кино. «Deluxe». 2013.
2. Әбілдина, Ғ. Телевизия өнері: Теориясы мен технологиясы [Мәтін]: Оқу құралы / Ғ. Әбілдина.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.- 390 б.
ISBN 978-601-247-664-4

3. Сахновский, В.Г. Работа режиссера [Текст]: Учебное пособие / В.Г. Сахновский.- СПб: Лань, Планета Музыки, 2018.- 252с. ISBN 978-5-8114-2653-9
4. Сахновский, В.Г. Мысли о режиссуре [Текст]: Учебное пособие / В.Г. Сахновский.- СПб: Лань, Планета Музыки, 2018.- 252с. ISBN 978-5-8114-26583-4
5. Митта, А. Кино между адом и раем [Текст]: Кино Эйзенштейну, Чехову, Шекспиру, Куросаве, Феллини, Хичкоку, Тарковскому... / Александр Митта. - М.: АСТ, 2013. - 496 с. ISBN 978-5-17-078388-5
6. Эльзессер, Т. Кино теориясы [Мәтін]: Сезім тұрғысынан кіріспе / Т. Эльзессер, М. Хагенер; Аудармашылар: Жолдасбаева Г.С., Төлеген М., Әмірбекова Д.- 2-ші басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 232 б. ISBN 978-601-7943-92-9
7. Бордуэлл, Д. Кино өнеріне кіріспе [Мәтін] / Д. Бордуэлл, К. Томпсон, Д. Смит; Аудармашылар: Ибраемова М.С., Кенжебаева Ұ.Е., Әлжан А.Қ.- 11-ші басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 728 б.ISBN 978-601-7943-96-7
8. Михалков Н. – Территория моей любви. «Эксмо». 2015
9. Молчанов А. – Букварь сценариста. «Эксмо». 2015
10. Оуэнс, Д. Телевизионное производство [Текст] / Джим Оуэнс, Джеральд Миллерсон; пер с англ Л.С. Волковой. - 15-е изд.- М.: ГИТР, 2012. - 424 с. ISBN 978-5-94237-038-1
11. Делөз, Ж. Кино 1. Қозғалыс бейне [Мәтін] / Жил Делөз; Аудармашы: А.Т.Бақытов.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 304 б.ISBN 978-601-7943-97-4
12. Делөз, Ж. Кино 2. Уақыт-бейне [Мәтін] / Жил Делөз; Аудармашылар: А.Ә. Рыскиева, Т.Т.Ильясова.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 368 б. ISBN 978-601-7621-00-1
13. Ромм, М. Беседы о кино и кинорежиссуре [Текст] / Михаил Ромм. - М.: Академический Проект, 2016. - 480 с. ISBN 978-5-8291-1950-8
14. Абильдина, Г. Русско-казахский терминологический словарь [Текст]. Т. II: Экранное искусство и СМИ: около 11000 тысяч слов и словосочетаний / Гайнижамал Абильдина.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 237с. ISBN 978-601-04-5120-9
15. Әбілдина, Ғ. Экран өнері және БАҚ [Мәтін]. I т.: Қазақша-орысша терминологиялық сөздік: 11000-ға жуық сөз бен сөз тіркесі / Ғайнижамал Әбілдина. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 214 б.ISBN 978-601-04-5058-5
16.Брессон Р. Заметки кинематографа 1950-1974. М: Роузбад Интерактив, 2017. - 100 с.
17.Сурмели А. Искусство телесценария. - СПб: Лань, Планета Музыки, 2018. - 224 с.
18.Азимов С. Заявка на фильм – Алматы, 2011-46 с.
19. Манабай Д.К. Сценарий фильма в жанре комедии – Алматы, 2011-56 с.
20. Әбдіжәділқызы, Ж. Тележурналистика. Оқу құралы / Жидегул Әбдімәділқызы.- Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 154 б.
21. Калымбетов Б. Создание художественного образа в фильме - Алматы, 2015-80 с.

## 4.Шығармашылық емтихандарды бағалау критерийі

### *Жазбаша жұмыс (Эссе)*

| Ұпайлар | *Дәстүрлі бағалау* | Критерийлер |
|---|---|---|
| 40-50 | Өте жақсы(5) | - жұмыстың тақырыбы толығымен ашылған.<br>- жұмыстың нәтижесі- материалды жан-жақты терең білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, авторлық баяндаудың өзіндік формасы мен тәсілі, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыпты ашудың толықтығы, шығармашылық қиялы.<br>-кинематограф жанрларын жақсы біледі<br>- материал кәсіби терминологияны қолдана отырып, нақты, дәйекті және жүйелі түрде берілген.<br>- жазбаша жұмыстың ішкі қисынын оңай аңғаруға болады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.<br>- жұмыс сауатты баяндалған, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 35-39 | Өте жақсы(5-) | - жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.<br>- жұмыстың нәтижесі - материалды жан-жақты терең білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, авторлық баяндаудың өзіндік формасы мен тәсілі, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптың толық ашылуы.<br>-кинематография жанрларын жақсы біледі.<br>- материал кәсіби терминологияны қолдана отырып, нақты, дәйекті, жүйелі түрде берілген.<br>- жазбаша жұмыстыңішкі қисыныоңай аңғарылады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.<br>- жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 30-34 | Жақсы(4+) | -жұмыстың тақырыбы толығымен ашылған.<br>- жұмыстың нәтижесі - материалды жан-жақты білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, авторлық баяндаудың өзіндік формасы мен тәсілі, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптыңтолық ашылуы.<br>-кинематография жанрларын жақсы біледі.<br>- материал нақты, дәйекті, жүйелі түрде берілген.<br>-жазбаша жұмыстың ішкі қисыны оңай аңғарылады, жұмыстың құрылымы нақты және айқын. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 25-29 | Жақсы(4) | - жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.<br>- жұмыстың нәтижесі - материалды білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптың толық ашылуы.<br>-кинематография жанрларын жақсы біледі.<br>- материал нақты, дәйекті, жүйелі түрде берілген.<br>- жазбаша жұмыстың ішкі қисынын оңай аңғаруға болады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.<br>- жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 20-24 | Жақсы(4-) | - жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.<br>- жұмыс нәтижесі - материалды жан-жақты білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, ұсынылған тақырыптолық ашылмаған.-кинематография жанрларын біледі.<br>- материал нақты, дәйекті, жүйелі берілген<br>-жазбаша жұмыстың ішкі қисыны оңай аңғарылады, жұмыс құрылымы нақты және айқын.<br>-жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 15-19 | Қанағаттанарлық(3+) | -жұмыс тақырыбы толығымен ашылған.<br>- жұмыс нәтижесі - материалды білетінін көрсетеді: тақырыпты таңдау, сөздік қор байлығы, іс-әрекеттің қисыны, бірақ, берілген тақырып толықашылмаған.<br>-кинематография жанрларын біледі<br>- материалды баяндауда нақтылық пен жүйелілік жоқ.<br>-жазбаша жұмыстың ішкі қисындылығы байқалады.<br>-жұмыстың баяндалуы сауатты, жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 10-14 | Қанағаттанарлық(3) | - жұмыс тақырыбы ашылған.<br>- жұмыс нәтижесі - материалды білетіндігін көрсетпейді: берілген тақырып толық ашылмаған.<br>-кинематография жанрларын біледі.<br>- материалды баяндауда нақтылық пен жүйелілік жоқ.<br>- жазбаша жұмыстың ішкі қисындылығы байқалады.<br>-жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 5-9 | Қанағаттанарлық(3-) | - жұмыс тақырыбы ашылмаған.<br>- жұмыс нәтижесі - материалды білмейтінін көрсетеді: берілген тақырып толық ашылмаған.<br>-кинематогафия жанрларын жақсы білмейді.<br>- материалды баяндауда нақтылық пен жүйелілік жоқ.<br>- жазбаша жұмыстың ішкі қисыны аңғарылмайды.<br>-жұмысты рәсімдеу ережелері сақталған. |
| 0-4 | Қанағаттанарлықсыз(2) | Жұмыс нәтижесі - материалды білу бағдарламасының |

| | | |
|---|---|---|
| | | минималдық талаптарынан да төмен деңгейді көрсетеді. |

## Шығармашылық емтиханды бағалау критерийі

## Коллоквиум. (Билеттербойынша ауызша емтихан)

| Ұпайлар | Дәстүрлі бағалау | Критерийлер |
|---|---|---|
| 40-50 | Өте жақсы(5) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы біледі.<br>- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама береді.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтай алады.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысының қисынын сауатты түрде түсіндіреді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын қамтиды.<br>- қосымша сұрақтарға оңай жауап береді. |
| 35-39 | Өте жақсы(5-) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы меңгерген.<br>- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама бере біледі.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтай алады.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздей алмайды.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысының қисынын сауатты түрде түсіндіреді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын қамтып отырады.<br>- қосымша сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| 30-34 | Жақсы (4+) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы біледі.<br>- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама береді.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтай алады.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысының қисынын сауатты түрде түсіндіреді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын жан-жақты қамтып айта алмайды.<br>- қосымша сұрақтарға нақты жауап бере алмайды. |
| 25-29 | Жақсы(4) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы біледі.<br>- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама бере біледі.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын анықтауға қабілетті.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысын қисынды түрде түсіндірмейді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық қамтып айта алмайды.<br>- қосымша сұрақтарға ішінара ғана жауап береді. |
| 20-24 | Жақсы(4-) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын біледі.<br>- көркем туындыны бағалай алады, оған сипаттама бере алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын айқындай алмайды.<br>-өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысын қисынды түрде түсіндіре білмейді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық қамтымайды.<br>- қосымша сұрақтарға дәйекті түрде жауап бере алмайды. |
| 15-19 | Қанағаттанарлық(3+) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын біледі.<br>- көркем туындыны бағалауда нақты түсінігі мен ұстанымы қалыптаспаған.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын нақты анықтай алмайды.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысын қисынды түрде түсіндіре білмейді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық қамтымайды.<br>- қосымша сұрақтарға нашар жауап береді. |
| 10-14 | Қанағаттанарлық(3) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы білмейді-көркем туындыны бағалауда нақты түсінігі мен ұстанымы қалыптаспаған.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын ажыратып айта алмайды.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысы туралы түсіндірмелері қисынсыз.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның |

| | | |
|---|---|---|
| | | өзекті тақырыптарын толық ашып көрсетпейді.<br>- қосымша сұрақтарға жауап беру деңгейі нашар. |
| 5-9 | Қанағаттанарлык(3-) | Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық әлеуеті, экрандық өнер (кино, телевизия, радио, музыка, театр, бейнелеу өнері)саласындағы білімі анықталады.<br>- әдебиет тарихын (қазақ және шет елдік), кино және телевизия тарихын, музыка тарихын жақсы білмейді-көркем туындыны бағалауда нақты түсінігі мен өзіндік ұстанымы қалыптаспаған.<br>- туындының күшті және осал тұстарын, стилі мен бағыт-бағдарын талдап айта алмайды.<br>- өзінің шығармашылық ойын нақты дәлелдермен негіздемейді.<br>- шығармашылық емтихан барысында жазған жұмысы туралы түсіндірмелері қисынға келмейді.<br>- өзінің жауаптарында Қазақстандағы қазіргі көкейтесті мәселелерді және кино мен телевизияның өзекті тақырыптарын толық тарқатып көрсетпейді.<br>- қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды. |
| 0-4 | Қанағаттанарлықсыз (2) | Жұмыс нәтижесі - талапкердің материалды білуі, бағдарламаның минималды талаптарынан да төмен деңгейде екенін көрсетеді. |